

**"Қолжетімді тұрғын үй - 2020" Бағдарламасының Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі желісі бойынша жас отбасылар үшін тұрғын үй салу бағытына қатысушыларды іріктеу және оларға тұрғын үй беру кезектілігінің Тәртібін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 27 қаңтардағы № 40 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 21 ақпанда № 2539 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының әкімдігінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 363 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының әкімдігінің 01.04.2015 № 363 қаулысымен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 маусымдағы «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» Бағдарламасын бекіту туралы № 821 қаулысына, Қазақстан Республикасы өңірлік даму министрлігінің 16.04.2013 жылғы № Д-2069 хатына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған «Қолжетімді тұрғын үй-2020» Бағдарламасының Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі желісі бойынша жас отбасылар үшін тұрғын үй салу бағытына қатысушыларды іріктеу және оларға тұрғын үй беру кезектілігінің **Тәртібі** бекітілсін.

2. «Шымкент қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Ж.Құрманбек) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды **жүзеге** асырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Г. Құрманбековаға **жүктелсін.**

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*Д.Сатыбалды*

**«Қолжетімді тұрғын үй-2020» Бағдарламасының Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі желісі бойынша жас отбасылар үшін тұрғын үй салу бағытына қатысушыларды іріктеу және оларға тұрғын үй беру кезектілігінің Тәртібі**

1. Бағдарламаға қатысу үшін өтініштерді қабылдау жалға берілетін тұрғын үйді пайдалануға бергенге дейін кемінде 6 ай бұрын «Шымкент қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылық бөлімі» (әрі қарай-уәкілетті орган) мемлекеттік мекемесімен басталады.

Бағдарламаға қатысу үшін үміткерлер аз болған жағдайда уәкілетті орган өтінішті қабылдау мерзімін ұзартуға құқылы.

2. Бағдарламаға қатысу үшін өтінішті қабылдаған кезде уәкілетті орган өтініш иелерінің Бағдарламада көрсетілген талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізеді:

1) Бағдарламаға қатысу үшін өтінішті берген кезде ерлі-зайыптылардың екеуі де 29 жасқа толмаған болуы не балаларды (баланы) 29 жасқа толмаған, оның ішінде ажырасқан, жесір (тұл ер) ата-ананың біреуі тәрбиелеп отырған толық емес отбасы, болуы;

2) толық емес отбасыны қоспағанда, өтініш берген сәтте кемінде 2 жыл тіркелген некеде болуы;

3) отбасының құрамына ерлі-зайыптылар, кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз балалар, ерлі-зайыптылардың еңбекке жарамсыз ата-аналары қосылды;

4) Бағдарламаның шеңберінде тұрғын үй құрылысы жүзеге асырылатын елді мекенде Бағдарламаға қатысушының кемінде 2 жыл тіркеуде болуы;

5) Бағдарламаға қатысушыда және оның отбасы мүшелерінде сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үйге қоныстану үшін Бағдарламаға қатысуға өтініш берген елді мекенде меншік құқығында тұрғын үйінің болмауы;

6) соңғы 5 жыл ішінде ерлі-зайыптылардың және олардың отбасы мүшелерінің тұрғын үй жағдайларын қасақана төмендету фактілерінің болмауы;

7) өтініш берердің алдындағы соңғы 6 айда отбасының ай сайынғы жиынтық таза табысы (зейнетақы аударымдарын, жеке табыс салығын және басқа да аударымдарды есептемегенде), мынадай шекте: ең төменгі – төменгі күнкөріс деңгейінің 3 есе мөлшері; ең жоғарғы – төменгі күнкөріс деңгейінің 12 есе мөлшерінен артық емес.

3. Құжаттарды қабылдау тоқтатылғаннан кейін өтініш берушілердің баллын санау 5 санат (1, 2, 3 балалы отбасылар, баласы жоқ отбасылар, толық емес отбасылар) бойынша Бағдарламада көзделген өлшем шарттарға сәйкес жүргізіледі.

4. Тұрғын үйлерді 5 санат бойынша бөлу кезектілігі жинақталған балл санына қарай анықталады (балл санының көптігіне сай). Балл саны тең болған жағдайда, артықшылық өтінішті бұрын берген үміткерге беріледі.

5. Тұрғын үйлерді бөлу Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 74 бабы мен «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйлерді барабар бөлу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 26.08.2011 жылғы № 304 бұйрығына сәйкес, санат бойынша тізімдердің санына барабар жүргізіледі.